

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АГРАРЛЫҚ СЕКТОРЫН
ДАМУЫ БАСЫМДЫҚТАРЫ

ПРИОРИТЕТЫ РАЗВИТИЯ АГРАРНОГО СЕКТОРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

AGRARICULTURAL SECTOR DEVELOPMENT PRIORITIES
IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ЖАСҚАЙРАТ СҮНДЕТҰЛЫ¹

экономика ғылымдарының докторы, профессор

А.С. ИСМАИЛОВА²

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

А.Ж. НӨКЕШЕВА²

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

¹ Қазақ агроөнеркәсіп кешені экономикасы және ауылдық
аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты

² С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Аңдатпа. Республика ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуына экономикалық талдау жүргізілген. Индустриалды-инновациялық технологиялардың, ауылшаруашылық кооперативтерінің жеке қосалқы, шаруашылықтар мен ШҚ-ын біріктіру негізінде тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар берілген. Машина-технологиялық стансалар, отандық ауылдық машина құрылысы, АЕМ-ді мемлекеттік қолдаудың қажеттілігі көрсетілген. Авторлар, республикада жапон ғалымдары дайындаған, топырақ бетінде 70%-ға дейін ылғал сақтайтын, препаратты қолдануды ұсынады.

Аннотация. Проведен экономический анализ развития сельскохозяйственного производства республики. Даны предложения по повышению эффективности индустриально-инновационных технологий, сельскохозяйственных кооперативов на основе объединения личных подсобных и крестьянских хозяйств. Показана необходимость создания машинно-технологических станций, отечественного сельского машиностроения, государственной поддержки сельских населенных пунктов, находящихся в пустынных, полупустынных зонах и приграничных районах. Авторы предлагают использовать в республике разработанный японскими учеными препарат, способствующий сохранению до 70% влаги на поверхности почвы.

Abstract. The economic analysis of agricultural production development in the republic has been conducted. Increase of the efficiency of industrial-innovative technologies, agricultural cooperatives based on integration of households and private farms have been proposed. The necessity of establishing machine-technological stations and domestic agricultural machinery production, government support of rural settlements located in the desert, semi-desert areas and border areas have been presented. The authors propose to use in the country a preparation developed by Japanese scientists that enables conservation of 70% moisture in soil surface.

Тұтқалы сөздер: ауыл шаруашылығы, индустриалды-инновациялық технологиялар, ауылшаруашылық кооперативтері, техникалық қамтамасыз ету, ауылдық машина жасау құрылысы, мемлекеттік қолдау.

Ключевые слова: сельское хозяйство, индустриально-инновационные технологии, сельскохозяйственные кооперативы, техническое обеспечение, сельское машиностроение, государственная поддержка.

жіберіледі. Астықтың экспорты бойынша біздің республика әлемдегі алғашқы он елдің сапында, ал ұн экспортында 2007 жылдан бері бірінші орында келеді. Биылғы ауыл шаруашылығы маркетингі жылында 7,5 млн. тонна астық экспортқа жіберіледі деп күтілуде. Қазақстанда астық өндіру технологияларын жетілдірудегі ғылыми ізденістер көп жылдан бері негізінен Шортандыдағы астық шаруашылығы және Қостанайдағы ауыл шаруашылығы ғылыми – зерттеу институттарында жүргізіледі. Нәтижесінде топырақты сақтайтын және басқа ресурстарды үнемдейтін, жаңа нөлдік және минимальды жер өңдеу технологиялары қалыптасты. Жаңа технологияларды пайдаланған және сол үшін мемлекеттік қолдау көрсетілген, астық дақылдарының көлемі 2010 жылы 11,2 млн. гектарға жетіп, 2007 жылмен салыстырғанда 2,2 есеге өсті, ал 2014 жылы бұл көрсеткіш 12,9 млн. гектарға дейін көтерілді. Ол барлық астық дақылдар көлемінің 80 пайызын құрайды.

Осындай индустриалды-инновациялық технологияларды қолдану арқылы астықты дақылдардың шығымдылығын 10 жылда - 1,5 есе, 20 жылда – екі есеге көтеруге болады деп дәлелденген. Мысалы, табиғи ауа райы біздің елге сәйкес келетін Канаданың Саскачеван аймағында нөлдік технология қолдану арқылы әр гектардан 2,5 - 3 тоннадан астық алатын көрінеді. Біздің елде, нақты өмірде осындай көрсеткіштерге тек аздаған озық кәсіпорындар ғана жетуде. Олардың қатарына өздерінің аймақтық табиғи жағдайына сәйкес дәнді дақылдардың әр гектарынан тұрақты мөлшерде 15 ц астық жинайтын Ақмола облысындағы ЖШС «Родина» агрофирмасы, 20 центнерден алатын Солтүстік Қазақстан облысындағы «Зенченко и К» командиттік серіктестігі, 25 центнерден кем алмайтын Қостанай облысындағы «Заречное» тәжірибе шаруашылығын қосуға болады.

Алайда, жалпы республика бойынша астық дақылдарының орташа шығымдылығы 2011-2015 жылдар аралығында әр гектардан 12,0 ц мөлшерінде болып отыр, яғни 2006-2010 жылдармен салыстырғанда тек 10 пайызға (11,1ц/га) ғана өскен, ал 2001-2005 жылдарға қарағанда (10,7 ц/га) өсім небәрі 14 пайызды құрайды.

Неліктен? Біздің ойымызша, оның бірнеше себептері бар: аймақтар бойынша нақты ақпараттық мәліметтер жиналмайды, ұсынған ғылыми технологиялар агротехникалық талаптарға сай орындалмайды, қажетті техника мен техникалық агрегаттар жетіспейді, жергілікті басшылар мен мамандар тарапынан бақылау жеткіліксіз деп айтуға болады. Мысалы, отандық селекция арқылы шығарылған дәнді дақылдар сорттарының үлесі егістіктің жартысынан аспайды (2014 ж. – 47,9%). Ұлттық экономика министрлігінің

мәліметі бойынша, егістік жерлердің құнарлылығы төмендеп келеді: гумустың жоғары мөлшері олардың тек 2,2 пайызында, орташа мөлшері – 36,1 пайызында, төменгі – құнарсыз мөлшері - 61,7 пайызында сақталған. Агротехникалық қызметтердің мәліметтері бойынша, бір гектар егістікке қажетті минералдық тыңайтқыштардың тек 1/12 үлесі ғана қолданылады екен. Дәнді дақылдарға органикалық және минералдық тыңайтқыштар тіпті берілмейді. Бұқаралық ақпарат көздерінің мәлімдеуінше, отандық Жамбыл облысындағы «Казфосфат» және Маңғыстау облысындағы «Казазот» зауыттары өндірілген тыңайтқыштарын ішкі сұраныс болмағандықтан шетелдерге экспортқа жіберетін көрінеді. Егістікке қолданылатын гербицидтердің мөлшері сұраныстан 3-4 есе аз. 2015 жылы 15,8 млн. гектар жерге себілген дәнді дақылдардың 5,5 млн. гектары, яғни 34 пайызы шағын шаруа қожалықтарының үлесіне тиеді. Олардың ішінде тек 4 пайызында ғана ауыспалы егіс айналымы сақталатын көрінеді. Еліміздегі 1,6 млн. га суармалы егістіктің тек 634 мың гектарында ғана (40,8%) суландыру жүйесі толық жұмыс істейді [3].

Индустриалды-инновациялық технологиялар әрқашанда өсімдік және мал шаруашылығының талаптарына сай техникалық жүйелерді қажет етеді. Ғылыми-зерттеу институттарының есептеулері бойынша, елімізге кешенді түрде өнімді өндіру, өңдеу және сақтау үшін 1200-ден астам әртүрлі ауыл шаруашылық машиналары мен техникалық құралдары қажет көрінеді. Олармен қамтамасыз ету өте төмен деңгейде деп айтуға болады. Қолда бар техниканың 80 пайызы тозған. Машина-трактор паркінің жаңаруы жылына 1,5-2 пайыздан аспайды. Өнімділігі жоғары техникалар – астық комбайндары, қуатты тракторлар, дән себу кешендері шет елдерден қымбат бағамен сатып алынуда. Қазіргі кезде елімізде ауыл шаруашылығы машина жасау саласы Инвестиция және даму министрлігінің құзырында, ал АӨК-інде техниканы пайдалану және жаңарту мәселелерімен Ауыл шаруашылығы министрлігі айналысады. Соңғы жылдары еліміздің ЖШС «Агротехмаш», ЖШС «СемаЗ», ЖШС «Вектор» және тағы бақа зауыттарда әртүрлі трактор, комбайндар шығарыла бастады, бірақ олар негізінен дербес бөлшектерден ғана құрастырылуда. Басқалай қажетті ауыл шаруашылық машиналарын жасау, әсіресе мал шаруашылығындағы, жемазық дайындаудағы технологиялық процестерді механикандыру жаңа талаптарға сай емес. Олай болса, еліміздің әртүрлі табиғи – экономикалық жағдайын ескере отырып, өндірілетін өнімдердің бәсекелестігін арттыру мақсатында, ауыл шаруашылығы машина

жасау саласын стратегиялық бағыттың біріне қосқан дұрыс сияқты.

Агроинновациялық шараларды өндіріске енгізуің маңызды бағыттарының бірі ауылдағы шағын және ұсақ шаруашылықтарды тиімді дамыту және ынталандыру. Олардың қатарына шаруа қожалықтары және жұртшылық немесе жеке қосалқы шаруашылықтары жатады. 2014 жылы елімізде өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің 23,2 пайызын ұйымдасқан кәсіпорындар, 31,1 пайызын – шаруа және фермер қожалықтары, ал 45,7 пайызын жеке қосалқы шаруашылықтар берген. Бұл шаруашылықтардың иелігінде пайдаланатын егістік және жайылым жер аз, нарыққа шығаратын өнімдерінің көлемі мардымсыз, материалдық-техникалық жағдайы нашар, мемлекет тарапынан қолдау жоққа тән, кепілдікке беретін мүлік жетіспейді, нәтижесінде тауар өндірушілерге бөлінетін субсидияның тек қана 15-20 пайызы ғана олардың үлесіне келеді. Соған қарамастан шаруа және фермер қожалықтарының саны жылдан жылға өсіп келеді. Олардың иелігіндегі жер көлемі аз, әсіресе оңтүстік аймағында. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысында 5 гектарға жетпейтін шаруашылықтардың саны 45,8% ,ал 100 гектардан асатындар небәрі 8,5%. Ұсақ шаруашылықтардың, әсіресе жұртшылық шаруашылықтарының үлесі, әсіресе мал шаруашылығында үлкен. Көрсетілген жылдағы өндірілген сүттің 82 пайызы, еттің – 64 пайызы, жүннің – 60 пайызы солардың меншігінде.

Әлемдік экономикада ауыл шаруашылығының негізін шағын отбасылық фермалар құрайды. Жапонияда олардың саны 1,8 миллионға жетеді, Оңтүстік Кореяда – 1,5 миллион, ал біздің елде небәрі - 200 мыңға таяу, ал миллиондаған гектар жайылымдық жер бос жатыр, падаланылмайды, яғни бірнеше есеге көбейту мүмкіндігі бар. Осыған орай, ұсақ және шағын шаруашылықтарды одан әрі дамыту және жан-жақты қолдаудың жолдарын пайдалану қрек [4].

Біріншіден, ішкі сұранысты қамтуда жеке қосалқы шаруашылықтардың маңызын ескере отырып, олар туралы көршілес Россия, Беларусь және Өзбекстан сияқты арнайы заң қабылдаған дұрыс. Онда қосалқы шаруашылықтарды бірте – бірте жеке кәсіпкерлікке, шаруа немесе фермерлік шаруашылықтарға айналдыру жолдары көрсетілуі қажет.

Екіншіден, ұсақ және шағын шаруашылықтарды олардың мамандануына және жергілікті аймақтардың табиғи-экономкалық жағдайларына сәйкес ірілендіру, мемлекеттік қолдау, әсіресе өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту олардың мүшелерінің инновациялық белсенділігін көтереді.

Үшіншіден, ұсақ және шағын шаруашылықтарды әртүрлі кооперативтерге біріктіру

жұмысын жандандырған дұрыс. 2015 жылдың 29 қазанында Ел басшысы көптен күткен «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» заңға қол қойды. Бұл заң Ұлт жоспары – 5 институционалды реформаларды жүзеге асырудың 100 нақты қадамындағы ауыл шаруашылығы кооперативтері мен олардың ассоциацияларының қызметтерін жүйелі реттеуге арналған.

Жаңа заңға сәйкес ауыл шаруашылығы кооперативтері коммерциялық негізде қызмет қылады, ол шаруалардың табысын молайтады. Енді ауыл шаруашылығы кооперативтері арнаулы салық режимін қолдана алады, өз-дерінің табыстарын мүшелеріне бөлуге құқылы, аудит жүргізіп, тексеру қауымдастық-тарына кіруіне мүмкіндік алды, бұл қызметі үшін ішкі жұмсалған шығын-дардың 50 пайызын мемлекеттен субсидия алып жаба алады. Олардың құрамындағы тауар өндірушілер гербицидтерді, жанар-жағар майларды, ауыл шаруашылығы өнімдерін, оларды өткізу және машина-трактор паркінің қызметтерін өзіндік құндары мөлшерімен пайдалана алады.

Бұл жаңалықтар негізінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші, өңдеуші, өткізуші жеке және заңды тұлғалар аймақтарда, аудандарда және жергілікті жерлерде кооперативтік негізде бірлесіп қызмет істей алады. Кооперацияны дамытудың басты бағыттарының бірі – шаруалардың нарыққа кіруін қолдау. Оларға берілетін несиелік қаржылар мен тегін субсидияларды дұрыс жеткізудің жолдарын жетілдіру керек.

Ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржылай көмек негізінен «КазАгро» Ұлттық холдинг арқылы бөлінеді. Өткен 2015 жылы холдинг еліміздің агроөнеркәсіп кешеніне барлығы 363 млрд. теңге бөлген. Оның үлесі жалпы берілген несиенің 43 пайызын құрайды. Алайда бұл көмек небәрі 49 мың шаруашылық субъектілеріне, яғни олардың жалпы санының ¼-іне ғана берілген. Биылғы жылы холдингтің қаржылық көмегі әртүрлі бағыттармен жүргізіледі. Біріншіден, екінші деңгейдегі банктер арқылы олардың рейтингтеріне сәйкес жылдық ставкасы 7-8 пайызбен тауар өндірушілерге несие беріледі. Екіншіден, «КазАгро» тікелей өзінің еншілес «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы банктердің кепілдері негізінде несиелік қаржыларды 5 пайыздық ставкамен бере алады. Одан басқа «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ өздерінің несиелік серік-тестіктері және шағын қаржылық ұйымдары арқылы да бере алады. Бірақ олардың ставкасы 9 пайызға дейін көтеріледі. Үшінші бағыт – «Астық корпорация» ұлттық компаниясы арқылы бидай мен арпаны форвардтық сатып алу тәртібі негізінде (бір гектарға 6 мың теңге 5 пайыздық ставкамен) қаржыландыру. Төртіншіден, «КазАгро» Ұлт-

тық холдингі несиелік ресурстары жетіспейтін, техникалық жағдайлары және тауарлық деңгейі төмен шағын және орта шаруашылықтар үшін кооперативтік бірлестіктер құруға ұсыныс жасап отыр. Олар заңды тұлға ретінде «Астық корпорация» ұлттық компаниясымен белгілі бір мөлшерде тұрақты бағамен астық сатып алу үшін шарт жасасады. Бірлестік заңды тұлға ретінде екінші деңгейлі банктермен келісе отырып, көктемгі далалық жұмыстар мен егін ору науқанына қажетті қаржыларды «Астық корпорациясы» ұлттық компаниясының кепілдемесі арқылы алады. Бірлестік алынған қаржыларға көтерме бағалармен қажетті жанар-жағар майлар, техника мен дербес бөлшектер, тыңайтқыштар мен гербицидтер және тағы басқа тауарлар сатып алып өз мүшелеріне үлестіреді. Егін ору кезінде бидайдың нарықтық бағалары келісілген бағадан жоғары болса, бірлестік оны басқа алушыларға сатып қосымша пайда таба алады. Егер нарықтық баға бұрынғы келісілген бағадан кем немесе бірдей болса астықты шартқа сәйкес астық компаниясына сата алады. Бұл шаралар ауыл шаруашылығы министрлігімен, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және фермерлер одағымен өзара келісілген. Өткен жылы осындай кооперативтік бірлестік «КазАгро-ның» қанатқақты жобасы негізінде Солтүстік Қазақстан облысында 53 шаруашылықтар бірлескен «Солтүстік Қазақстан облысының аймақтық астық холдингі» ЖШС деген атпен жұмыс істеген. 2015 жылдың қорытындысы бойынша Солтүстік Қазақстан облысының АӨК-іне «КазАгроның» компанияларынан барлығы 40,1 млрд. теңге қаржы бөлінген, ол холдингінің жалпы республика бойынша жұмсалған қаржысының 13 пайызын құрайды [5].

Агроөнеркәсіп кешеніне көмекке бөлінетін бюджеттік қаржының 1/3 бөлігі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне субсидия есебінде қайтарымсыз тегін беріледі. Олардың көлемі де жылдан жылға өсуде: 2010 жылы 48,3 млрд. теңгені құраса, 2014 жылы 149 млрд. теңгеге, яғни 3 есеге өсті. Бір ерекшелігі, ауыл шаруашылығы министрлігі 2014 жылдан бастап субсидияларды бөлуді жергілікті облыстық ауыл шаруашылығы бақармаларының құзырына берді. Олар субсидияларды аймақтардың табиғи экономикалық жағдайларын ескеріп бөледі. 2015 жылы жалпы субсидия мөлшері 147,8 млрд. теңгеге жетіп, 2014 жылмен салыстырғанда 18 пайызға өскен. 2016 жылы ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алатындарға жұмсалатын қаражаттың 25 пайызына дейін субсидиялық көмек беріледі.

Жер және жер ресурстары ұлттық байлығымыз. Оларды көздің қарашығындай сақтау, қорғау және тиімді пайдалану мемлеке-

тіміздің және тұрғылықты халықтың болашағын ойлау деген сөз. Қазіргі кезде елімізде алыс шалғайда, шөл және шөлейт аймақтарда орналасқан, әлеуметтік-экономикалық жағдайлары төмен отызға таяу ауылдық аудандар бар. Олардағы жер аумағының көлемдері 14 млн. гектардан астам, бір миллионға таяу тұрғындары бар, оның ішінде 95-100 пайызы қазақтар. Біраз жылдар бұрын (1989 ж. және 1999ж.) Қазақ ССР Министрлер кеңесі осындай аудандарға жан-жақты мемлекеттік және материалдық-техникалық көмек беру туралы арнайы қарар қабылдаған еді. Бірақ өмірде бұл шешімдер жүзеге аспай қалды. Керісінше, халқының саны аз ауылдық елді мекендерде инфрақұрылым салаларын дамытуға қаржы бөлінбейді, олардың саны жылдан-жылға кеміп барады. Нәтижесінде ауылдық елді мекендердің саны 2002 жылдың басында 7743 болса, 2015 жылдың басында 6724 бірлік қана қалған, яғни 13 жылдың ішінде олардың саны 1019, немесе 13,2 пайызға азайған. Бұлар негізінен сол шалғай және шекаралас елдермен қатар қоныстанған әлеуеті шамалы ауылдар екені белгілі. Айта кетелік, көршілес Россия, Қытай және Өзбекстан елдерінде шекаралас елді мекендердің көркейіп, өсіп және ұлғайып бара жатқаны белгілі. Солар сияқты біздің елде де шалғай және басқа елдермен шекаралас ауылдық елді мекендерді нығайтуға мән берген жөн. Шалғай жерлердегі ауылдарда, шөл және шөлейт аудандарда кәсіпкерлікті кешенді дамытудың әр деңгейде басқарылатын арнаулы бағдарламасы болуы қажет. Ең алдымен осындай ауылдық аудандар республика бойынша нақтылы анықталып, олардың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін ерекше статус берілуі керек. Онда сол аудандардың табиғи-экономикалық және экологиялық жағдайлары ауыл шаруашылығын дамытуға толық мүмкіндік бермейді деп мойындалып, Бүкіл-әлемдік Сауда Ұйымының талаптарына сай тікелей мемлекеттік көмектер мен жеңілдіктер беру жолдары, материалдық ынталандырудың қосымша аудандық коэффициенттерін тағайындау, жастарды жұмысқа тартудың және елді орнықтырудың жолдарын қарастыру, әлеуметтік-тұрмыс, өндірістік және инженерлік инфрақұрылым салаларын дамыту мәселелерін толық қарастыру қажет. Олардағы халықтың әлеуметтік-тұрмыс дәрежесін көтеру, миграциялық себептерді азайту, тағы басқа сол сияқты жұмыстар, шағын және орта бизнестің дамуына жағдай жасар еді. Солай болған жағдайда ғана бұл аудандар халықтардың тұрмысын жақсартып, елдің азақ-түлік және стратегиялық қауіп-сіздігін сақтауға көмектесе алады. Олардың жарамсыз жерлері болашақта инновациялық жетістіктерді (био-, нанотехнологияларды) қолдану нәтижесінде



өндіріске пайдалы болуы да мүмкін. Мысалы, Жапонияның Киото университетінің қызметкерлері «Панасоник» Корпорациясымен бірге жаңа арнаулы препарат өндіретін технологиясын жасаған. Осындай материал арқылы топы-рақтың үстіңгі бетіне түскен ылғалдың 70 пайызына дейін сақтап қалуға болады екен. Осындай технология 2016 жылдан бастап нарыққа шығарылады деп күтілуде. Ол технология жерді көгалдандыру және табиғи қуаңшылықтан сақтау мәселелеріне сұраныс көп Африка, Орталық Азия, Қазақстан және Таяу Шығыс елдерінде пайдалануға болатын сияқты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 «Kazmeat Astana 2016» форумында ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің сөзі / ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің [Ресми интернет ресурсы].-2016: [http:// mgov.kz](http://mgov.kz) (үндеу күні 16.03.2016).

2 Интернет ресурсы: www.stat.gov.kz (2001-2015жж.) (үндеу күні 4.03.2016ж.)

3 Сүндетұлы Ж. Ауыл шаруашылығына жаңаша бетбұрыс. – Егемен Қазақстан, 24 наурыз 2016 ж.

4 Нукешева А.Ж. Проблемы развития малого бизнеса в АПК // Проблемы агрорынка. - 2014. - №2. - С.49-52.

5 Сүндетұлы Ж., Исмаилова А.С., Нукешева А.Ж. Оценка эффективности различных форм хозяйствования в АПК Казахстана // Проблемы агрорынка.-2015.-№3.-С. 61-67.

Pajdalanylran әdebietter tizimi

1 «Kazmeat Astana 2016» forumynda ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің сөзі / ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің [Resmi internet resursy].-2016: [http:// mgov.kz](http://mgov.kz) (үндеу күні 16.03.2016).

2 Internet resursy: www.stat.gov.kz (2001-2015zhzh.) (үндеу күні 4.03.2016zh.)

3 Sүndetұly Zh. Ауыл шаруашылығына жаңаша бетбұрыс. – Egeмен Қазақстан, 24 наурыз 2016 zh.

4 Nukesheva A.Zh. Problemy razvitija malogo biznesa v APK // Problemy agrorynka. - 2014. - №2. - S.49-52.

5 Sүndetұly Zh., Ismailova A.S., Nukesheva A.Zh. Ocenka jeffektivnosti razlichnyh form hozjajstvovaniya v APK Kazahstana // Problemy agrorynka.-2015.-№3.-С. 61-67.